

Дәстүрлі қазақ мәдениеті

Діни салттар

**Айт.* Үлкен халықаралық діни мереке. Ораза айт және Құрбан айт түрі бар. Ораза айт 30 күн оразадан басталады. Ақшалай құрбандық осы айда беріледі. Құрбан айт Ораза айттан 70 күн өткен соң, үш күнге созылады. Осы күндері Қасиетті Меккеге қажылық ұйымдастырылады. Құрбан айтта әрбір мұсылмандың дінінің, аруақтардың құрметіне құрбандық шалады. Бұл мұсылманың негізгі борыштарының бірі Мұхтасар болып табылады



***Зекет**. Ислам шарттарының бірі зекет беру. Ол мал немесе асыл дүние түрінде беріледі. 40 қойдан 1 қой, 5 түйеден 1 түйе, 30 сиырдан 1 сиыр зекет беріледі.



* *Пітір.* Ақшалай сыйлық. Жыл сайын үлкен ораза күндері адамдар арнағы мешітке барып, өлгендер аруағына Құран оқытып, ақшалай салық береді.



Наурыз

* “Наурыз” сөзі қазақ тіліне парсы тілінен еніп, “жаңа күн” деген мағынаны білдіреді. Бұл мейрам көптеген ғасырлар бойы халықтың сүйіп мерекелейтін дәстүрлі мейрамдарының бірі. Қазақ аңызы бойынша Наурыз болардың алдынғы, яғни наурыздың 20-сынан 21-іне қараған түні еді. Қыдыр ата аралап, халыққа құт-береке, ырыс әкеледі деп есептеген. Мейрам алдында жас жігіттер “бұлақ көрсөн көзін аш” деген ақсақалдар ұсыныстарын орындайтын болған. Сондай-ақ, “бір ағаш кессен, онын отырғыз” деген мәтел Наурызға байланысты айтылып, мереке кезінде жаппай көгалдандыру шаралары жүргізілген. Адамдар жуынып, шайынып, үстеріне барын киіп әдеміленген, әйелдер мен жас қыздар әшекей, әсемдік бұйымдарын тағып, мерекелік күйге оранған. Наурыз күндері адамдар үйлеріндегі барлық құнды, жағалы киімдерді, дүниelerді, асыл бұйымдарды киіз үй ішіне іліп, жайып, көрініске қоятын болған. Наурыз мерекесінің кешінде алтыбақан құрылып, жастар ән салып, ойын-сауық үйымдастырыған. Бір айға созылған Наурыз мерекесінде түрлі ұлттық ойындар-ат жарыс, қыз қуу, көкпар, аударыспак, мүше алып қашу, жалаң аяқ жаяу жарыс, жамбы ату, алтын қабақ, палуандар күресі, ақындар айтысы, т.б өткізілген.

**Наурыз көжес*. Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, тұз, тары, құрт, жеміс, тағы сол сияқты тағам түрлерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекемен келгендеге ықыласпен ұсынады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор. Ол барлық адамдарды жомарттыққа, ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақырады.



- * *Tілек* – достық көңіл күй мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жаразты салтының бірі ретінде айтылған.
- * *Наурыз төл*. Наурыз айында мал төлдей бастайды. Олар наурыз төлі деп аталып, төл басы ретінде бағаланып, малжанды қазақ баласы оны ерекше күтіп бағады. Төл басы сатылмайды, ешкімге сыйфа берілмейді.
- * *Наурызкөкек* – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құстардың шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер “Наурыз келдің бе? ” деп шақырып, жем шашады. Наурызкөкекті ешкім қумайды, үркітпейді.
- * *Наурыз есім*. Наурыз күнінде немесе айында туғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған. Сондай себеппен оларға Наурыз есімін беретін болған. Мысалы: қазақ халқында Наурызбай Құтпанбайұлы (1706-1781), Наурызбай Қасымұлы (1822-1847) атты әйгілі батырлар болған. Алтын ордада Наурыз есімді хан (1359-1360) болғаны тарихта белгілі. Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі деген адам аттары да жиі кездеседі.

Қорыта айтқанда, Наурыз мерекесі халықты имандылыққа, бірлікке, бауырмалдыққа, достық пен игі дәстүрлер жалғасы мен бірізділігіне тәрбиелейтін ғасырлар қойнауының келе жатқан мейрамдарының бірі.